

Шетел азаматтарын оқуға қабылдау ережелерінен үзінді

Жалпы ережелер

Техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары не тағылымдама бойынша Академияға шетел азаматтарын оқуға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде Академияға оқуға қабылдау Академияның қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Білім беру бағдарламалары

Шетел азаматтары үшін Академияда ақылы негізде келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қарастырылған:

1) техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша:

- «Хореография өнері» мамандығы «Балет әртісі» біліктілігі (оқу мерзімі 2 жыл 10 ай).
- «Хореография өнері» мамандығы «Балет әртісі» біліктілігі (оқу мерзімі 1 жыл) - стражировка.

2) жоғары білімнің білім беру бағдарламалары (оқу мерзімі 4 жыл):

- «Хореография өнерінің педагогикасы»;
- «Балетмейстер өнері»;
- «Спорттық бал биі педагогикасы»;
- «Арт-менеджмент»;
- «Өнертану».

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура, оқу мерзімі 2 жыл):

- Хореография;
- Арт-менеджмент;
- Өнертану.

(докторантура, оқу мерзімі 3 жыл):

- Хореография;
- Өнертану.

Шетел азаматтарын қабылдау шарттары

Академияға ақылы негізде оқуға түсуге және оқуға қызығушылық білдірген шетел азаматтығы бар адамдар электрондық поштаға мыналарды жіберуге тиіс:

1) техникалық және кәсіптік білім

«Хореография өнері» мамандығы «Балет әртісі» біліктілігіне оқуға түсушілер видео (20 минуттан аспайтын), оның ішінде: станок жанындағы экзерсис, зал ортасындағы экзерсис, allegro (секіру), саусақтардағы экзерсис. Репертуар (вариациялар), егер бар болса.

2) жоғары білімнің білім беру бағдарламасы

«Хореография өнерінің педагогикасы»: видео (20 минуттан аспайтын), оның ішінде станок жанындағы экзерсис, зал ортасындағы экзерсис, allegro (секіру).

«Спорттық бал биі педагогикасы»: білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсуші видео (20 минуттан аспайтын), оның ішінде еуропалық бағдарламадан таңдау бойынша 1 би және латынамерикалық бағдарламадан таңдау бойынша 1 би.

«Балетмейстер өнері»: білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсуші видео (20 минуттан аспайтын), оның ішінде жеке немесе дуэт нысанындағы 1 авторлық композиция және бір авторлық бұқаралық би (4 адамнан кем емес).

«Арт-менеджмент»: білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсуші арт-жобаның тұсаукесерін ұсынады және әңгімелесуден өтеді.

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары

магистратура: зерттелетін проблеманы көрсететін көлемі 15 беттен кем емес және 25 беттен аспайтын реферат, онлайн форматта әңгімелесу;

докторантура (PhD): эссе, ғылыми-практикалық конференциялар жинақтары мен ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдардың баспа-таңбалары (соңғы үш жыл ішінде), онлайн форматта әңгімелесу.

Қабылдау комиссиясы видеожазбаны қарап, шешім шығарады.

Қабылдау комиссиясы оң шешім қабылдаған жағдайда, талапкерге не стажерға оқуға түскені туралы жазбаша хабарлама жолданады, қабылдау комиссиясы теріс шешім қабылдаған жағдайда, Академияға түспегені туралы жазбаша хабарлама жіберіледі.

Түсуші не стажер келгенде халықаралық ынтымақтастық бөлімін хабардар етуі және Академияда тіркелуді рәсімдеу үшін келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- 1) өтініш (2, 3-қосымшалар);
- 2) оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжат (қазақ/орыс тілдеріндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы);
- 3) кәмелетке толмағандар үшін – ата-анасының (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа және қазақ/орыс тілдеріндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы);
- 4) білім туралы құжат (түпнұсқа және қазақ/орыс тілдеріндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы);
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасының аумағында жарамды, ерікті медициналық сақтандыруды растайтын құжат;
- 7) түйіндеме;
- 8) 4 фотосурет (3x4 см);
- 9) ҚР-на кіруге арналған визаның көшірмесі (кіру визасымен келген жағдайда).
- 10) 18 жасқа толмаған білім алушының өз бетінше жүріп-тұруына ата-аналардың нотариалды куәландырылған келісімі.

Шетел азаматы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер ұсынған жағдайда, Академия оған құжаттарын қайтаруға және төленген ақша қаражаттарын қайтарусыз оқудан шығаруға құқылы.

Қабылдау туралы ақпарат қысқаша, шетелдік түсушілерге қойылатын талаптар туралы қосымша ақпаратты 8 7172 790 855 (Халықаралық ынтымақтастық департаменті) телефоны арқылы алуға болады.